

«Көңілді старт » отбасылық эстафеталық сайыс.

Мақсаты: спорттық сайыс жарысын ұйымдастыру арқылы ата - аналарды балабақша өміріне араластыру. Спортқа деген қызығушылығын арттыру Отбасы мүшелерінің денсаулығын, белсенділігін нығайту, ептіліктерін, шапшаңдықтарын, батылдықтарын, күштіліктерін байқау. Спортқа деген сүйіспеншілігін арттыру. Салауатты өмір салтын насихаттау.

Көрнекіліктер:

Доптар, ленталар, жіптер, арқан, қапшық

Жүр барысы: Береке де осында,

Мерекеде осында

Болып жатыр той думан

Балабақша бағында

Көңіл қойып қараңыз

Жарқырап тұр бақшамыз

Қатысатын топтарды

Қол соғып қарсы аламыз

(Сайысқа қатысушы ата – аналарды ортаға шақырамыз)

Жүргізуші: Армысыздар, құрметті ата - аналар, тәрбиешілер және балалар.

Бүгін біздің балабақшада үлкен мереке, біздің балаларымыздың ата - аналары арасында спорттық сайыс. Сайысқа қатысушы ата - аналар «Көңілді старт» атты сайысқа қош келдіңіздер!

(Ортада ән ұран ойналады)

Отбасылық жарысқа

Әділқазы береді

Жеңімпазын анықтап

Бізге айтып береді - деп әділқазыларды таныстыру.

1. Шмангалиева Самал Мақсотқызы

2. Кенжебаева Айнур Айболатқызы

(әр сайыс сайын 3-4-5 деген бағамен белгіленеді)

Жүргізуші: Біздің сайысымыз 6 - бөлімнен тұрады:

1. Таныстыру (топтың аты, ұраны, эмблемасы)

2. «Кім жылдам»

3. Қол өнер(үй тапсырмасы)

4. «Ептілік»

5. «Арқан тартыс»

6. Өз өнері

1.Өнер қуып өтер дейміз

Бір баспен өнері жетер дейміз

Сайысқа келген топтар кезектесіп

Таныстырып өздерін кетер дейміз - дей отырып кезекті таныстыруға берейік.

Жүр:Бәйге түсіп жарыспай,

Жүйріктің бағы жанар ма

Білім мен өнер жараспай

Сайыстың мәні бола ма - деп келесі сайысымыз

2.«**Кім жылдам**»: Әр топқа доп беріледі, кедергілер арқылы жүгіріп, мәреден айналып келіп, допты келесі адамға берді, осылайша межеден айналады.

Өнерлі қол бақытқа жол –деп келесі сайысымыз

3.***Қол өнер***(топтық жұмыс)

4.«**Ептілік**»:

Қалма жұрттың соңында

Қажет болса мың атта

Аздық етер оныңда

Жету үшін мұратқа

5.«**Арқан тартыс**»: Ал қадірлі халайық

Зердемізді салайық

Белімізді буып алып, бекініп

Күшімізді сынайық - дей отырып, келесі сайысымыз арқан тартыс сайысы.

6.«**Топтық өнер**»

Әділқазылар дайын болғанша бөбекжайымыздың бүлдіршіндерінің өнерін тамашалайық.

Жүргізуші: Қазылар орнықтырар әділдікті

Кімдердің бірліктері кәміл шықты

Бүгінгі спортық сайысында

Жеңіске жетер дейміз нағыз мықты- деп әділқазыларға сөз кезегін береміз.(ата - аналарды мадақтау)

Жүргізуші: Жарыс заңы ежелден

Жеңімпазды анықтау

Жеңімпаз болу шарты сол


Еңбектену, жалықпау

Біреу озса, сайыста

Біреу артта қалады

Жеңілгендер ренжімей

Тараса бізге жарады - дей отырып, бүгінгі «Көңілді старт» сайыс аяқталды, сайсқа қатысқан отбасыларға мың алғыс, сау болыңыздар.



«Айлин-3» жеке бөбекжайы

«Көңілді старт »

(отбасылық эстафеталық спорттық шара)

2023ж